



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№90-93
(2365-2368)
Сенбі
22 қараша
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘЖІЛІСТЕ БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ҚАРЖЫ ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте аудан бойынша 2025 жылдың 10 айындағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы, жылу беру маусымының өткізілуі және әлеуметтік маңызды азық-түлік бағаларына байланысты мәселелер қаралды. Сонымен қатар, жиында ветеринария саласындағы және күзгі әскерге шақыру жұмыстарына байланысты жауаптыларға бірқатар тапсырмалар жүктелді.

2025 жылдың есепті кезеңінде аудан бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі – 115,7, өңдеу өнеркәсіп көлемі – 116,0, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 103,0, бөлшек сауда айналымы – 101,1, Инвестициялар тарту – 114,8, Құрылыс жұмыстары көлемі – 121,9, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі – 103,6 пайызды құрап, барлық макроэкономикалық көрсеткіштерде өсім қалыптасқан.

Осы ретте, аудан басшысы жылдың қорытындысымен барлық көрсеткіштер, оның ішінде салалары бойынша 100 пайызға толық орындалуын және ауданда тиімді салық саясатын жүргізу, ауданның бюджетіне түсімдердің



толыққанды түсуін, тиімді жоспарлануын әрі игерілуін сапалы және нәтижелі ұйымдастыру керектігін айтты. Сондай-ақ, қаржыны игеруге қатысты ешқандай мәселе болмау керектігін ескертіп, әрбір берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

Мәжілісте барлық коммуналдық сала мен төтенше жағдайлар бөлімі, басқа да жауапты басшыларға жылыту маусымын еш кедергісіз, тұрақты өткізу, жылыту маусымы кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осы бағытта үздіксіз тұрғындарға түсіндірме

жұмыстарын жүргізу жөнінде қатаң тапсырмалар берілді. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қауіпсіздігі, сапасы және тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету шараларында үнемі бақылауда болу керектігі ескертілді.

Жиында күн тәртібінде қозғалған мәселелерден кейін ветеринария саласында атқарылып жатырған жұмыстар мен алдағы міндеттер және мерзімді әскери қызметке шақыру мәселелері талқыланды.

Аудан әкімі ветеринария саласына қатысты сала басшысына иесіз иттер мен мысықтарға байланысты

тиісті шараларды қолға алу, төрт түлікке ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы жүргізу, ветеринариялық пункттер мен мал қорымдарының санитарлық тазалығына қатысты қатаң ескертулер жасап, берілген тапсырмаларға сәйкес жүйелі жұмыс атқаруды тапсырды.

Ал, мерзімді әскерге шақыру маусымына байланысты жауапты сала басшылары мен әкімдерге күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, қатаң бақылауға алу, әскери қызметке шақырылушылардың уақытылы медициналық сараптамадан өтуін қамтамасыз ету, әскерден жалтарып жүрген азаматтарды әскерге тарту және ондай азаматтарға тиісті шара қабылдау жұмыстарын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Жиын соңында аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен мекемелер мен кәсіпорындары басшыларына «Таза Қазақстан» акциясы аясында өз аймақтарында ұдайы санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп отыруды тапсырды.

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі бірқатар нысандарды аралады.

Алдымен аудандық төтенше жағдайлар бөліміне барған аудан басшысы сала қызметкерлерімен кездесіп, бөлімнің материалдық-техникалық базасы, мамандардың жұмысымен танысты. Бөлім бастығы мен қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі, жылыту маусымы кезіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу, халыққа ақпараттық түсіндіру жұмыстарының маңыздылығы жайында айтты. Қауіпсіздік саласының стратегиялық маңызын атап өткен аудан әкімі алдағы уақытта тиісінше қажетті қолдаулар көрсетілетінін жеткізді.

Әйтеке би кентіндегі төтенше жағдайлар бөліміне қарасты №9 өрт сөндіру бөлімінде қазіргі таңда 35 қызметкер жұмыс істейді. Бөлім 3 негізгі өрт сөндіру техникасымен қамтылған.

Мұнан соң Алмасбек Әбілқасымұлы Жетес би



дәрігерлік амбулаториясының жұмысымен танысты. Өткен жылы амбулаторияға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Амбулатория ауысымда 150 келушіге дейін қабылдап, күндізгі стационарда 18 адамға дәрігерлік көмек көрсетеді.

Аудан басшысы меке-

ме ұжымымен тілдесіп, тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің сапасы, материалдық база, дәрі-дәрмекпен қамту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Сала қызметкерлерінің жауапкершілігі жоғары екенін атап өтіп, халықтың өмірі мен денсаулығы – басты назар-

да екенін жеткізді. Көтерілген ұсыныс-пікірлер назарға алынып, тиісті шаралар қабылданатынын айтты.

Аудан басшысы дәрігерлік амбулаториядан кейін аудандық көп бейінді орталық аурухана жанындағы 42 төсектік инсульт және кардиология орталығының құрылысын көрді. Бүгінде денсаулық нысанының құрылыс жұмыстары 90 пайызға аяқталған. Желтоқсан айында орталық пайдалануға беріlmek.

Аудан әкімі мердігер мекеме «СМП Қызылорда» ЖШС-нің жауапты өкіліне құрылыс жұмыстарындағы бірқатар кемшіліктерді атап көрсетіп, жұмысты сапалы етіп аяқтауды ескертті. Жаңа нысанның халыққа ешқандай кемшіліксіз пайдалануға берілу керектігін айтқан аудан әкімі, аудандық орталық аурухананың бас дәрігері мен аудандық құрылыс бөлімінің басшысына құрылыс жұмыстарының сапасын үнемі бақылауда ұстауды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖОБА

«Қазалы қаласына және Әйтеке би кентіне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 01 шілдесіндегі №98 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы, 2-тармағының 11) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазалы қаласына және Әйтеке би кентіне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 1 шілдесіндегі №98 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

28757 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбындағы және 1-тармағының мәтініндегі "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қазалы ауданы әкімдігінің

«___» _____ 2025 жылғы №___ қаулысына қосымша

Қазалы ауданы әкімдігінің

«___» _____ 2022 жылғы

№___ қаулысына қосымша

Қазалы қаласына және Әйтеке би кентіне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазалы қаласына және Әйтеке би кентіне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-3-бабының 2-тармағы 11) тармақшасына, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және Қазалы қаласына және Әйтеке би кентіне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бірыңғай сәулеттік стиль – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс салу ауданына, оның ішінде жеке құрылыс салуға тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады. Жеке құрылыс салу ауданы үшін сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулары, жабын түрі мен учаске аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы негізгі өлшемдер болып табылады;

2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдықтан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары

мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу – мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөнделетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

7) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көппәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат;

8) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, қоймалар дара (бөлек) меншікте болады, ал дара (бөлек) меншікте емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен

тиесілі болады;

9) көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауын және дауыс беру арқылы қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы;

2. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі

3. "Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) кентке бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көп пәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін айқындайды.

4. "Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген көп пәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін айқындағаннан кейін бірыңғай сәулет бейнесін әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

5. Қазалы қаласының және Әйтеке би кентінің әкімдігі мынадай жұмыстарды ұйымдастырады:

1) көп пәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының (олар болған кезде) меншік иелерін әкімдіктің ресми интернет-ресурсында ауданның бірыңғай сәулеттік келбетінің жобасымен таныстыру;

2) көп пәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының (олар болған кезде) меншік иелерін жоспарланатын жұмыстар және оларды өткізудің болжамды мерзімдері туралы хабардар ету;

3) көп пәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісу немесе келіспеу туралы шешім қабылдау үшін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың (бар болса) меншік иелерінің жиналысын ұйымдастыру және өткізу.

6. Жиналыс пәтер иелерінің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы санының үштен екісінен астамы болған кезде шешім қабылдайды. →

7.Жиналыс теріс шешім қабылдаған жағдайда көппәтерлі тұрғын үйдің қасбетін, шатырын жөндеу бойынша бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған жұмыстар жүргізілмейді.

8.Жиналыс оң шешім қабылдаған кезде бөлім құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес жұмыс көлемін, жөндеу типін (ағымдағы немесе күрделі) анықтау және олардың физикалық тозу дәрежесін белгілеу үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларының, шатырларының техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

3. Көп пәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі

9. Жұмыс көлемін, жөндеу типін (ағымдағы немесе күрделі) айқындау үшін әрбір көп пәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларының, шатырларының техникалық жай-күйін тексеру жөніндегі ұйымды таңдау пәтер иелерін, тұрғын емес үй-жайларды тарта отырып Мемлекеттік

сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Көп пәтерлі тұрғын үй сыртқы қабырғаларының, шатырларының техникалық жай-күйін тексеру қорытындысы бойынша Бөлім бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған қасбетті, шатырды күрделі жөндеуге ағымдағы жөндеудің сметалық есебін әзірлеу немесе жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау бойынша жұмысты ұйымдастырады, кейіннен жергілікті бюджет қаражаты есебінен сараптама қорытындысын алады.

11. Сараптаманың оң қорытындысын және ағымдағы жөндеудің сметалық құны немесе көп пәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеудің жобалау-сметалық құжаттамасы бекітілгеннен кейін бөлім бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасайды.

12. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің

сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды сатып алу-ды бөлім Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

13. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдауды авторлық қадағалау, техникалық қадағалау, сондай-ақ үй кеңесі, мүлік иелері бірлестігінің төрағасы немесе қарапайым серіктестіктің сенімді тұлғаларын тарта отырып бөлім жүзеге асырады.

4. Қорытынды ереже

14. Қазалы қаласына және Әйтеке би кентіне кентіне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

О внесении изменений в постановление акимата Казалинского района от 1 июля 2022 года №98 «Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единому архитектурному облику городу Казалинску и поселку Айтеке би»

В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан "О жилищных отношениях" и статьей 26 Закона Республики Казахстан "О правовых актах" акимат Казалинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата Казалинского района от 1 июля 2022 года №98 "Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единому архитектурному облику городу Казалинску и поселку Айтеке би" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 28757) следующие изменения:

в заголовке и тексте пункта 1 указанного постановления слова "фасадов, крыш" заменить словами "реконструкции наружных стен, крыш".

приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления осуществляет курирующий возложить на заместителя акима района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

Приложение к постановлению акимата Казалинского района

«_»_____2025 от _____

Приложение к постановлению акимата Казалинского района

«_»_____2022 от _____

Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единому архитектурному облику городу Казалинску и поселку Айтеке би

1. Общие положения
1. Настоящие Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов (далее-Правила), направленных на придание единому архитектурному облику городу Казалинску и поселку Айтеке би (далее - Закон Республики Казахстан "О жилищных отношениях") - Закон) разработан в соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10 - 3, иными нормативными правовыми актами и определяет порядок организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единому архитектурному облику городу Казалинску и поселку Айтеке би.

2. В настоящих Правилах используются следующие основные понятия:

1) Единый архитектурный стиль – совокупность единых признаков, используемых в строительстве, характерных для определенного района застройки территории, в том числе ин-

дивидуального застройки. Основными критериями являются внешний вид, архитектурный стиль, цветовое решение, этажность, отделочные материалы. Основными критериями для индивидуального района застройки являются внешний вид, архитектурный стиль, цветовое решение, этажность, отделочные материалы, ограждения, тип покрытия и расположение хозяйственно-бытовых сооружений на территории участка;

2) Объект кондоминиума – единый неделимый земельный участок и (или) приусадебный земельный участок, на котором проживает многоквартирный жилой дом, собственникам квартир, нежилых помещений, парковок, складов, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности единый имущественный комплекс, состоящий из общего имущества, принадлежащего на праве общей долевой собственности, включая;

3) Общее имущество объекта кондоминиума – части объекта кондоминиума (фасады, подъезды, вестибюли, холлы,

коридоры, лестничные марши и лестничные площадки, лифты, чердаки, чердаки, технические этажи, подвалы, дома), кроме квартир, нежилых помещений, стоянок, складов и телекоммуникационного оборудования, являющегося собственностью операторов сотовой связи, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности земельные участки и (или) приусадебные участки, на которых стоят общие инженерные системы и оборудование, абонентские почтовые ящики, многоквартирный жилой дом, элементы благоустройства и другое имущество общего пользования);

4) Текущий ремонт общего имущества объекта кондоминиума - комплекс своевременных технических мероприятий и работ по замене или восстановлению установленных нормативной и технической документацией составных частей и инженерного оборудования многоквартирного жилого дома, проводимых в целях предотвращения преждевременного износа и устранения дефектов;

5) Капитальный ремонт общего имущества объекта кондоми-

ниума - комплекс мероприятий и работ по замене изношенных конструкций, деталей и инженерного оборудования многоквартирного жилого дома на новые или более прочные и экономичные, улучшающие эксплуатационные показатели ремонтируемых объектов, проводимый в целях восстановления ресурса многоквартирного жилого дома;

6) Содержание общего имущества объекта кондоминиума - комплекс работ или услуг по технической эксплуатации, санитарному содержанию и текущему ремонту общего имущества объекта кондоминиума;

7) Многоквартирный жилой дом - отдельно стоящее здание с единым фундаментом на едином неделимом земельном участке, состоящее из общего имущества объекта кондоминиума, являющегося общей долевой собственностью, и двух и более квартир, нежилых помещений с самостоятельным выходом на земельный участок, прилегающий к многоквартирному жилому дому, либо иных частей общего имущества объекта кондоминиума; →

8) Многоквартирный жилой кондоминиум (далее – кондоминиум) – зарегистрированная форма собственности в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан, при этом квартиры, нежилые помещения, парковочные места, склады находятся в индивидуальной (раздельной) собственности, а части, не находящиеся в единичной (раздельной) собственности квартир, нежилых помещений, стоянок собственникам помещений, складов принадлежит на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок и (или) приусадебный земельный участок, на котором стоит многоквартирный жилой дом;

9) Собрание собственников квартир, нежилых помещений многоквартирного жилого дома (далее – собрание) – высший орган управления объектом кондоминиума, обеспечивающий коллективное обсуждение и принятие голосованием собственниками квартир, нежилых помещений решений, связанных с управлением объектом кондоминиума и содержанием общего имущества объекта кондоминиума;

2. Порядок организации мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов

3. Коммунальное государственное учреждение "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Казалинского района" (далее – отдел) определяет перечень многоквартирных жилых домов, тре-

бующих проведения реконструкции, текущего или капитального ремонта наружных стен, крыш для придания поселку единого архитектурного облика.

4. Коммунальное государственное учреждение "Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района" обеспечивает разработку и утверждение единого архитектурного образа после определения перечня многоквартирных жилых домов, указанных в пункте 3 Правил.

5. Акиматы города Казалинск и поселка Айтеке би района организует следующие работы:

1) Ознакомление собственников квартир, нежилых помещений многоквартирного жилого дома (при их наличии) с проектом единого архитектурного облика района на официальном интернет-ресурсе акимата;

2) Информирование собственников квартир и нежилых помещений многоквартирного жилого дома (при их наличии) о планируемых работах и предполагаемых сроках их проведения;

3) Организация и проведение собрания собственников квартир, нежилых помещений (при наличии) для принятия решения о согласовании или несогласии с проведением работ по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирного жилого дома.

6. Собрание принимает решение при наличии более двух третей от общего числа собственников квартир, нежилых помещений.

7. В случае принятия собранием отрицательного решения ра-

боты по ремонту фасада, крыши многоквартирного жилого дома, направленные на придание единого архитектурного облика, не проводятся.

8. При принятии собранием положительного решения отдел организует проверку технического состояния наружных стен, кровель каждого многоквартирного жилого дома для определения объема работ, типа ремонта (текущего или капитального) и установления степени их физического износа в соответствии с требованиями строительных норм.

3. Порядок проведения мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов

9. Выбор организации по обследованию технического состояния наружных стен, крыш каждого многоквартирного жилого дома для определения объема работ, типа ремонта (текущего или капитального) осуществляется в соответствии с законодательством о государственных закупках с привлечением собственников квартир, нежилых помещений.

10. По итогам обследования технического состояния наружных стен, кровель многоквартирного жилого дома отдел организует работу по разработке сметного расчета текущего ремонта или подготовке проектно – сметной документации на капитальный ремонт фасада, крыши, направленной на придание единого архитектурного облика, с последующим получением экспертного заключения за счет средств местного бюджета.

11. После утверждения положительного заключения экспертизы и сметной стоимости текущего ремонта или проектно – сметной документации на реконструкцию, текущий или капитальный ремонт наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов отдел составляет бюджетную заявку в соответствии с порядком, определенным центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию.

12. Закуп работ по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, осуществляется отделом в соответствии с законодательством о государственных закупках.

13. Прием работ по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, осуществляется авторским надзором, техническим надзором, а также отделом с привлечением совета дома, председателя объединения собственников имущества или доверенных лиц простого товарищества.

4. Заключительное положение

14. Финансирование мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика городу Казалинск и поселка Айтеке би, осуществляется из средств местного бюджета.

ЖОБА

«Қазалы ауданында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы»

Қазалы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 желтоқсанындағы №209 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазалы ауданында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы

24 желтоқсанындағы №209 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қазалы ауданы әкімдігінің «___» _____ 2025 жылғы
№___ қаулысына қосымша

Қазалы ауданы әкімдігінің «___» _____ 2021 жылғы
№___ қаулысына қосымша

Қазалы ауданында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер
1. Осы Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-3 бабы 2 тармағының 16) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі міндеттерін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 бұйрығымен бекітілген Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну мен ақы төлеу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай

негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай төлем құжаты – коммуналдық және қосымша қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған, төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде немесе оның көмегімен жүзеге асырылатын электрондық нысанда қалыптастырылған құжат;

1-1) биллинг – абоненттерге көрсетілетін қызметтерді есепке алу операцияларын автоматты түрде орындауға, сондай-ақ оларды тарифтеуге және ақы төлеу үшін шоттар беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

1-2) бірыңғай есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – БЕО) – уәкілетті орган айқындайтын жұмыс істеу талаптары мен

тәртібіне сәйкес келетін, бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді берушілер мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар;

2) газбен жабдықтау – тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу саласындағы қызмет;

3) есепке алу аспабы – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеке және (немесе) үй бойынша ортақ тұтынуды коммерциялық есепке алуға арналған,

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

4) жеткізуші – меншік нысанына қарамастан, бекітілген шартқа сәйкес тұтынушыларға коммуналдық қызметтер көрсететін заңды немесе жеке тұлға;

5) жылумен жабдықтау – жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті өндіру, беру, бөлу және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет;

6) коммуналдық қалдықтар – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекетінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен пайда болу сипаты бойынша оларға жақын өндірістік қалдықтар; ➔

7) коммуналдық көрсетілетін қызметтер – тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқыс әкетуді, лифтілерге қызмет көрсетуді қамтитын қызметтер;

8) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындары, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүлктен тұратын біртұтас мүлктік кешен;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертелелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

9-1) қаржы ұйымдары - қызметі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңмен реттелетін банктер, сондай-ақ «Төлем ұйымдары және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын, БЕО-ның қаржы серіктестері болып табылатын, меншікті төлем құралдарын (касса, интернет-банкінг, мобильді қосымшалар, терминалдар және басқа да құралдар) пайдалана отырып бірыңғай төлем құжаты негізінде тұтынушылардан төлемдерді қабылдайтын және алынған ақшалай қаражатты қызметтерді жеткізушілердің есеп шоттарына аударатын төлем ұйымдары;

9-2) қосымша қызметтер - бұл коммуналдық қызметтер болып табылмайтын, бірақ жайлы және қауіпсіз тұруды қамтамасыз етуге бағытталған жеке меншік үйлерді қоса алғанда, тұрғын үй қорын ұстаумен,

қызмет көрсетумен және пайдаланумен тікелей байланысты қызметтер;

10) лифт – тігінен еңіс бұрышы 15 аспайтын, қатты тік сызықты бағыттағыштарға қарай қозғалатын кабинада адамдарды және (немесе) жүктерді көтеру және түсіруге арналған мерзім сайын іске қосылатын стационарлық жүк көтергіш механизм;

11) лифтілерге қызмет көрсету – нормативтік-техникалық құжаттамаға (дайындаушы зауыттың ережелері, стандарттары, нұсқаулықтары), ұлттық стандарттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес лифтінің жұмыс істеу қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қолдау үшін сервистік қызмет көрсету бойынша қызмет;

12) сервистік қызмет субъектісі – жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

13) сумен жабдықтау – су ресурстарын жинауды, сақтауды, дайындауды, беруді және бөлуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

14) су бұру – сарқынды суларды жинауды, тасуды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

15) тапсырыс беруші – қызметін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Жобаның (бағдарламаның) тапсырыс беруші-инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыс салушы не олардың уәкілетті адамдары қызмет мақсаттарына қарай тапсырыс беруші бола алады;

15-1) транзиттік шот - екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылатын, көрсетілген қаражатты тиісті қызметтерді көрсетушілердің есеп айырысу шоттарына кейіннен автоматтандырылған түрде бөлумен, Бірыңғай төлем құжаты негізінде коммуналдық қызметтерді тұтынушылардан түсетін ақшалай қаражатты жинақтауға арналған арнайы банктік шот;

16) төлем құжаты – өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін төлемді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде төлем жүргізілетін құжат

(электрондық шот-фактура, шот, хабарлама, түбіртек, оның ішінде бірыңғай төлем құжатының құрамында, ескерту-шот, талап, талап-арыз);

17) тұрмыстық қатты қалдықтар – қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар;

18) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер;

18-1) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы) – бұл тұрғын үй қорын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты талдау және тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін ТКШ ақпараттандыру объектілерінен ақпаратты шоғырландыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттік ақпараттық жүйе;

18-2) тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық оператор - энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

19) тұрмыстық тұтыну – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатында емес, тұтынушылардың тұрмыстық мұқтажы үшін тұтыну;

20) тұтынушы – коммуналдық және өзге де қосымша қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

21) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

22) үйге ортақ инженерлік жүйелер – көппәтерлі тұрғын үйде пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтұрақ орнының, қойманың шегінен тыс жердегі немесе ішіндегі және екі және

одан көп пәтерге, тұрғын емес үй-жайға, орынтұрақ орнына, қоймаға қызмет көрсететін суық және ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, түтін жою, өрт дабылы, ішкі өртке қарсы су құбыры, жүк және жолаушы лифтілері (көтергіштер), қоқыс әкету, ауабаптау, желдету, жылуды реттеу және вакуумдау жүйелері, тогы әлсіз инженерлік жүйелер;

23) электрмен жабдықтау – электр энергиясын өндіру, беру және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет.

2-тарау. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуудың

тәртібі мен шарттары

3. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну өнім беруші мен тұтынушы және/немесе заңда белгіленген тәртіппен қызметтің әрбір түрі бойынша шарт жасасуға уәкілеттік берілген өзге тұлға арасында жасалған келісім негізінде жүзеге асырылады.

К о н д о м и н и у м объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық қызметтерге ақы төлеу тәртібі мүлік меншік иелерінің жиналысымен шешіледі.

3-1. Көппәтерлі тұрғын үйге (кешенге) тапсырыс беруші объектіні пайдалануға бергеннен кейін, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің алдын ала келісімі бойынша, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері мен коммуналдық қызметтерді (қызметтердің әрбір түріне) берушілер арасында оларды кейіннен жасасу (қол қою) үшін шарттардың жобаларын дайындайды.

4. Қосылыс желісі арқылы коммуналдық қызметтер үшін тұтынушы мен коммуналдық қызметтерді жеткізуші арасында жеке және (немесе) жария шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

Меншік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен (қызметтің әр түріне) ынтымақтастық туралы шарттар жасайды.

Мүлік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері меншік иелерінің бірлескен басқару кезінде ынтымақтастық шарттары кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдар және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық

меншік иелерімен немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің көпшілігімен жасалады. Бұл ретте пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің барлығы немесе көпшілігі шарттың бір тарабы ретінде әрекет етеді.

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы жеткізуші мен тұтынушы арасындағы шарт қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі тиіс және белгісіз мерзімге жасалған болып саналады.

5. Коммуналдық көрсетілетін қызметтер ұлттық және мемлекеттік стандарттарда, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарда, техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылады және тиісті салалардағы нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

6. Тұтынушылық қасиеттер және көрсетілетін қызметті ұсыну режимі:

1) жылумен жабдықтау – пәтерлердегі, тұрғын емес үй-жайлардағы ауа температурасын айқындайтын санитариялық нормаларға сәйкес, сондай-ақ температура кестесіне – жылыту маусымы ішінде тәулік бойы;

2) электрмен жабдықтау – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген электр энергиясының сапасына сәйкес – жыл ішінде тәулік бойы;

3) суық және ыстық сумен жабдықтау – Қазақстан Республикасының санитариялық қағидаларда және мемлекеттік стандарттарда белгіленген берілетін судың сапасына сәйкес – жыл ішінде тәулік бойы;

4) су бұру – сарқынды суларды су бұру жүйелеріне толық бұруды қамтамасыз ету – жыл ішінде тәулік бойы;

5) газбен жабдықтау – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық талаптарға сәйкес және шарттарда белгіленген толық көлемде;

6) лифтілерге қызмет көрсету – лифтілердің өндірістік қауіпсіздігі талаптарына және «Лифтілер, экскалаторлар, траволаторлар және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтергіштер. Жеткізуге, монтаждауға және пайдалануға қойылатын талаптар» ҚР СТ 3305-2018 деген ұлттық стандартқа сәйкес – жыл ішінде тәулік бойы немесе шарт негізінде;



7) тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету (қоқыс әкету) – санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жергілікті атқарушы орган белгілеген кесте бойынша немесе жасалған шарттарға сәйкес.

3-тарау. Коммуналдық қызметтерді пайдалану және ұсыну

процесін реттеудің тәртібі

7. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтардың, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ меншігі болып табылатын есепке алу аспаптарын техникалық күйінде күтіп-ұстауды қамтамасыз ету үшін сервистік қызмет субъектісімен шарт жасасуы мүмкін.

